




6 - сынып Қазақ тілі

Ашық сабақ

Тақырыбы: Еліктеуіш және
бейнелеуіш сөздер



Сабақтың мақсаты:




- **Білімділік:** Оқушыларға еліктеу сөз, бейнелеуіш сөз туралы түсінік бере отырып, өткен тақырыппен байланыстыру
- **Дамытушылық:** Оқушылардың еліктеу сөздерді жете түсінуіне, сөздердің мағынасын аша білуге, сөздік қорын байыту, ауызекі сөйлеу тілдерін қалыптастыру
- **Тәрбиелік:** Оқушыларды дұрыс сөйлеуге, әдептілікке, еліне деген сүйіспеншілікке дағдыландыру




Сабақтың барысы:

- 1. Ұйымдастыру кезеңі
- 2. Үй тапсырмасын тексеру
- 3. Топқа бөлу
- 4. Тапсырмалар
- 5. Оқушыларды бағалау
- 6. Үйге тапсырма беру



**І. Мықты
болсаң,
тауып көр**





1-топқа: Еліктеу сөз дегеніміз не? (мысал)


2-топқа: Еліктеу сөз құрамына,
мағынасына қарай нешеге бөлінеді?(мысал)


3-топқа: Еліктеуіш сөз дегеніміз не? (мысал)

4-топқа: Бейнелеуіш сөз дегеніміз не?
(мысал)



II. «Жүйрiк болсан, шауып көр»





1-топқа: Еліктеуіш, бейнелеуіш сөздерді табу.

- 1. Кейде сәл нәрсеге елең етіп, құлақтарын тіге қарады.**
- 2. Сол тұяқтары сіреу қарды күрт-күрт басқан сайын, жалдары дір-дір етеді.**
- 3. Аспанда жұлдыздар самсап, жымың-жымың етіп, ертеңгі күннің ашық болатынынан хабардар етіп тұрғандай.**
- 4. Кенеттен шыққан дауысқа Ботагөз “ә” деуге үлгермей, жүрісін кілт тоқтатып, жалт қарады.**




2-топқа: Еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер табу.

1. Мақтауға есіріп,
Барынша көсіліп,
Ырғалып қаңқ етті,
Ірімшік жерге салп етті. (Абай.)

2. Құржаң-құржаң етеді,
Жер ұшық берген кісідей
Тоңқаңдай ма не етеді. (Абай.)

3. Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң
Бола ма дәулет, кәсіп бұл?




3-топқа: Еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер табу.

1. Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың
Ұғындырар кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қалар ма ол астыртын?

2. Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып мазанды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда, Алты қанат ақ
орда үй шайқалды.

3. Баяғы жартас- бір жартас,
қаңқ етер түкті байқамас.




4-топқа: Еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер табу.

1. Кісендер даусы гүрс-гүрс етеді.

2. Ақша маңдайлы, көң сұлу жүзді Үмітей ашық үнмен саңқ-саңқ етіп, үй ішіне естірте күлді.

3. Жүрегім лүп-лүп етіп, алқымыма тығылады.



A close-up photograph of several pink roses in various stages of bloom, set against a soft, bokeh background of light pink and white. The roses are vibrant pink with some lighter, almost white, edges on the petals. Green leaves are interspersed among the flowers. The overall mood is romantic and delicate.


Сергіту сәті
“Қызыл түлім-ау”

www.tolekova.jimdo.com


III. “Қызықты сұрақтар”

ойыны



Күлкінің түрлері




Су ағады



Адамның жүрісі




IV. «Ойлы болсан, тауыш көр»



Жұмбақтарды шешіп, еліктеу сөздерді табу, мағынасына ажырату.

- 1) Қалқиған ұзын құлағы,
Елеңдеп қорқып тұрады.
- 2) Тарпаң-тарпаң тарбиған,
Түрі жаман жарбиған.
- 3) Көк көйлекті жеңешем,
Көлбең-көлбең етеді.
Желмен ұшып кетеді,
Жер түбіне жетеді.
- 4) Жылт-жылт еткен,
Жылғадан өткен.
- 5) Аяғы біреу, қолы жоқ,
Шиыр-шиыр жолы көп.
- 6) Қық-қық етеді,
Кезіп жүріп көшені.
Жата қалса орнына,
Ақ доп тастап кетеді.
- 7) Тырылдап көкте инелік,
Инелік емес, үй делік.
- 8) Балпаң-балпаң басады,
Қыр жотадан асады.
Паналайды үңгірді,
Іздемейді тасаны.
- 9) Иректеп еденді,
Иреңдеп келеді.
Шаң менен тозанды
Қылғыта береді.
- 10) Отқа құйсаң елпілдеп,
Быж-быж етіп тұншығар.
Тақиясы селкілдеп,
Танауынан бу шығар.



Суретке қарап, еліктеуіш сөздерді қатыстырып, үш сөйлем құраңдар




Кім жылдам:



- Қатты қорыққан кездегі қозғалыс.
- Қазанның жай қайнауы
- Ең жіңішке дауыстың естілуі.
- Жөтелдің түрі
- Тамшының дыбысы
- Күлкінің түрі
- Қасыңнан бір нәрсе өте шықты, қалай сипаттайсың?



Сызба кесте, Білім - "5"-те



P/c	Еліктеу	Дара	Күрделі	Еліктеуіш	Бейнелеуіш
1	Тыпың - тыпың				
2	Гүрс - гүрс				
3	лап				
4	бүрсеңдеп				
5	Қаңғыр- күңгір				
6	Сылқылдап				



Үйге тапсырма



- Еліктеу сөздерді қатыстыра отырып, көктем мезгілін суреттеу арқылы ойтолғау жазу



Көңіл-күйіміз қалай?



Жақсы




Орташа



Нашар





Сабақ аяқталды

Сау болыңыздар!

